



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ "МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУАЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ" HBSC ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ, 2022 ЖЫЛ ҚЫСҚАША ТҮЙІНДЕМЕ



## Дәйексөз үшін:

Қалмақова Ж.А.,  
Әбдірахманова Ш. З.,  
Адаева А. А.,  
Слажнева Т. И.,  
Назарова С. А.,  
Сүлейманова Н. А.

ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы  
Астана, 2023

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы "Дені сау ұлт" ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының техникалық және қаржылай қолдауы арқылы еліміздің барлық өңірлерінің білім басқармалары мен денсаулық сақтау басқармаларының қатысуымен ҚР Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, оқушылардың өз денсаулығы мен әл-ауқатына қатысты мінез-құлқына мониторинг жүргізу бойынша 2022 жылы екінші ұлттық зерттеу жүргізді. Зерттеу Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған 2022 жылы – "Қазақстандағы балалар жылы", "Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз" ұранымен жүзеге асырылды.

Сауалнамаларды аударуға және басып шығаруға Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қаржылық қолдауды көрсетті.

НВSC – төрт жылда бір рет ДДҰ-мен бірлесіп әлемнің 51 елінде жүргізілетін көпұлтты зерттеу, онда 11, 13 және 15 жастағы балалар мен жасөспірімдер сауалнама арқылы өздерінің денсаулығына, мінез-құлқына және өмір сүру жағдайларына баға береді.

Қазақстанда балаларды ұлттық мониторингілеу 2017 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады, 2022 жылы оған еліміздің барлық өңірлеріндегі 121 мектептен 8528 оқушы қатысты.

Зерттеудің мақсаты жас ұрпақтың денсаулығын сақтау, әлеуметтік және психологиялық контексте денсаулықты дамыту саласындағы саясатты қалыптастыру бойынша қабылданатын шаралардың нәтижелілігін бағалау негізі ретінде Қазақстан Республикасы балаларының денсаулығын, өмір сүру сапасын және мінез-құлық түрлерін бағалау болып табылады.

## НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

### COVID-19-дың БАЛАЛАР ӨМІРІНЕ ӘСЕРІ

Балалардың пікірінше, COVID-19 пандемиясымен күресу шаралары, мысалы, локдаундар, мектептердің жабылуы, онлайн оқытуға көшу, әлеуметтік қашықтық және т. б. балалар өмірінің келесі аспектілеріне әсер етті: жалпы өмірге балалардың 24,4%-ы "оң" деп жауап берді, балалардың 40,7%-ы "теріс" деп жауап берді; денсаулыққа "оң" деп 31,9%-ы, "теріс" - 32,8%-ы, психикалық денсаулыққа "оң" деп 29,6%-ы, "теріс" - 32,8%-ы, мектептегі үлгерімге "оң" деп 30,3%-ы, "теріс" - 40,2%-ы, физикалық белсенділікке "оң" деп 31,3%-ы, "теріс" - 37,3%-ы, тамақтануға "оң" деп 38,3%-ы, "теріс" - 26,3%-ы, болашаққа үміт артуға "оң" деп 30,1%-ы, "теріс" - 32,9%-ы, отбасындағы қаржылық жағдайға "оң" деп 34,1%-ы, "теріс" - 28,6%-ы, достармен қарым - қатынасқа "оң" деп 33,1%-ы, "теріс" деп 34,6%-ы жауап берген.

Балалар үшін COVID-19 пандемиясы туралы жиі немесе әрқашан ақпарат алатын дереккөздер: балалардың 44,3%-ы – әлеуметтік желілер; 32,9%-ы – теледидар, газет, радио; 31,5%-ы – отбасы мүшелері; 27,8% - денсаулық сақтау органдары; 25,7%-ы – блогерлер; 25,5%-ы – мұғалімдер; 21,6%-ы – достар; 18,5%-ы – басқа дереккөздер.

Балалар COVID-19-дың таралуын азайту үшін келесі шараларды жиі немесе әрқашан ұстанды: 77,8%-ы бетперде қолданды; 77,5%-ы қолды үнемі жуып отырды; 68,2%-ы антисептик қолданды; 57,2%-ы бетке қол тигізбеуге тырысты; 56,8%-ы адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болды; 56,8%-ы ауру белгілері болған жағдайда үйден шықпады; 56,0%-ы шынтақтың ішкі жағына немесе орамалға жөтелді/түшкірді; тәуекел тобындағы адамдармен 53,3%-ы байланыста болудан аулақ болды; 48,9%-ы әлеуметтік қашықтықты ұстанды, 49,3%-ы үйден шықпаған.

## АТА - АНАЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Қазақстандық балалар мен жасөспірімдерге әкелеріне (80,4%) қарағанда аналарымен (89,4%) өздерін толғандыратын нәрселер туралы сөйлесу оңайырақ, бірақ 15 жасқа қарай ата-аналармен қарым-қатынас сапасы, әсіресе қыздар арасында нашарлайды. Барлық жастағы ұлдар қыздарға қарағанда анасы және әкесімен сөйлесу оңай екенін жиі айтады. 2018 жылғы нәтижелермен салыстырғанда, 2022 жылы анасымен 93,1%-дан 87,2%-ға дейін және әкесімен 78,7%-дан 74,8%-ға дейін сөйлесу оңай немесе өте оңай болатын барлық жастағы қыздардың үлесі азайды, бірақ әкесімен оңай қарым-қатынастағы ұлдардың үлесі 83,2%-дан 85,5%-ға дейін өсті.

## ОТБАСЫ МЕН ДОСТАРДЫҢ ҚОЛДАУЫ

Жасөспірімдердің көпшілігі (76%) отбасы тарапынан қолдаудың жоғары екенін сезінеді, бұл көрсеткіш ұлдарда (76,9%) қыздарға қарағанда (75,0%) жоғары, бұл көрсеткіш жасына қарай төмендейді. 2018 жылдан бастап 2022 жылға қарай отбасы қолдауы жоғары балалардың үлесі 5%-ға төмендегені байқалады. Орташа алғанда, балалардың 64,9%-ы достарының қолдауының жоғары екенін айтады. Жасөспірімдердің 78,4%-ы отбасымен бірге бір дастархан басында күн сайын тамақтанады.

## МЕКТЕП

Жалпы, 11-15 жастағы балалардың 32,0%-ына мектеп өте ұнайды, 49,3%-ына мектеп жай ғана ұнайды. Жасы ұлғайған сайын, 15 жасқа қарай мектепті қатты жақсы көретін жасөспірімдердің үлесі айтарлықтай төмендейді. Сонымен, егер 11 жасында (бесінші сынып оқушылары) мектеп ұлдардың 37,6%-ы мен қыздардың 41,3%-ына қатты ұнайтын болса, онда 15 жаста (тоғызыншы сынып оқушылары) мектепті қатты жақсы көретін балалардың үлесі азаяды, яғни 26,9% ұлдар мен 24,4% қыздарға ғана өте ұнайды.

2018 жылдан бастап 2022 жылға қарай мектепті қатты жақсы көретін екі жыныстағы балалардың да пайызы 2018 жылғы 43,1%-дан 32,0%-ға дейін, сондай-ақ ұлдар (41,3%-дан 31,8%-ға дейін) және қыздар (44,8%-дан 32,2%-ға дейін) төмендеді.

Жалпы, 2022 жылы 5, 7, 9 сыныптың әрбір алтыншы оқушысы (17,8%) мектеп жүктемесін ауыр деп санайды. 2018 жылы оқудың ауырлығы туралы аз ғана бала (13,5%) ғана айтты.

Бесінші сынып оқушыларының (11 жас) 68,8%-ы тоғызыншы сынып оқушыларының (15 жас) 55,8%-ымен салыстырғанда мұғалімдердің қолдауы жоғары екенін сезінеді. Жоғары сынып мұғалімдерінің жоғары қолдауы 11 жастағы оқушылармен салыстырғанда 15 жасқа дейінгі ұлдарда да, әсіресе қыздарда да төмендейді. Сонымен, мұғалімдердің жоғары қолдауын 11 жастағы (бесінші сынып оқушылары) ұлдардың 70,4%-ы және қыздардың 67,1%-ы сезінеді, ал 15 жасқа дейін тоғызыншы сынып оқитын ұлдардың тек 60,9%-ы және қыздардың 50,6%-ы мұғалімдердің қолдау деңгейінің жоғары екенін айтады.

Жалпы, ұлдар (64,5%) қыздармен (57,1%) салыстырғанда мұғалімдердің қолдауының жоғары екенін сезінеді.

Нәтижелерді 2018 жылмен (71,7%) салыстырғанда 2022 жылы мұғалімдердің жоғары қолдауын сезінетін балалардың үлесінің төмендегенін (60,9%) көрсетті, әсіресе қыздар арасында төмендегені байқалады.

Мектеп оқушыларының жартысынан көбі – 59,4%-ы сыныптастарының жоғары қолдауын сезінеді, көбінесе 54,9% қыздарға қарағанда, ұлдардың 63,7%-ы сезінген.

## ӨМІРГЕ ҚАНАҒАТТАНУ

Балалардың көпшілігі (88,0%) өз өмірлеріне өте риза, қыздар (86,4%) ұлдарға қарағанда (89,4%) өз өмірлеріне аз қанағаттанады. 2022 жылы өз өміріне қанағаттанған балалардың үлесі үш пайыздық тармаққа төмендеді.

## ӨЗ ДЕНСАУЛЫҒЫН ӨЗІ БАҒАЛАУ

Балалардың жартысына жуығы (55,1%) өз денсаулығын керемет деп санайды, ұлдарға (60,1%) қарағанда қыздар аз (49,7%). 15 жасқа қарай денсаулығын "жақсы" деп санайтын балалардың үлесі 11 жастағы 62,4% баладан 47,3%-ға дейін азаяды. 2022 жылы қыздардың денсаулығын жақсы бағалау 13 және 15 жастағы қыздарда бес пайыздық тармаққа төмендеді, ал ұлдарда бұл көрсеткіш тек 11 жастағы балаларда 2018 жылдан бастап төрт пайыздық тармаққа төмендеді.

## ДЕНСАУЛЫҚҚА ШАҒЫМДАНУ

Әрбір үшінші жасөспірім 36,4%-ы денсаулыққа қатысты жиі шағымданатынын атап өтті. Сонымен қатар, қыздардың жартысына жуығының (46,4%) шағымы көп, ал ұлдарда едәуір аз (26,7%). 15 жасында балалардың көбін (38,6%) психосоматикалық шағымдар алаңдатады. 2022 жылға қарай денсаулыққа қатысты әртүрлі шағымдары бар барлық жастағы қыздардың үлесі 2018 жылғы 27,4%-дан 46,4%-ға дейін күрт өсті. Ұлдарда бұл көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда 6 пайыздық тармаққа өсті.

## ПСИХИКАЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТ

Жалпы, 11-15 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдердің 83,4%-ының психикалық денсаулығы/әл-ауқаты жақсы. 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 16,6%-ында психикалық әл-ауқаты нашар/ықтимал депрессия белгілері анықталды. 15 жасқа қарай психикалық әл-ауқаты нашар жасөспірімдердің үлесі 1,8 есе 21,8%-ға дейін артады. Ұлдар арасында қыздармен салыстырғанда эмоционалды қызметі жақсы адамдардың үлесі көбірек. 2022 жылы психикалық денсаулығы жақсы балалардың үлесі негізінен ұлдардың есебінен 2 пайыздық тармаққа өсті.

## ЖАРАҚАТТАР

Соңғы 12 айда балалардың 44,8%-ы, әрбір екінші 50,3% ұл және әрбір үшінші 39,0% қыз бір немесе одан да көп жарақат алған. 2022 жылы ауыр жарақат алған ұлдар мен қыздардың үлесі он бес пайыздық тармаққа өсті.

## ТАМАҚТАНУ ӘДЕТТЕРІ

Мектеп оқушыларының 61,1%-ы күн сайын жұмыс күндері таңғы ас ішеді, қыздарға 57,6% қарағанда ұлдар 64,4% көбірек. Сонымен қатар, балалардың 16,3%-ы таңғы ас ішпейді. 15 жасқа қарай қыздардың шамамен үштен бірі 30,8%-ы және ұлдардың бестен бір бөлігі 18,0%-ы жұмыс күндері таңғы ас ішпейді. 2022 жылы күн сайын таңғы ас ішетін балалардың үлесі 62,6%-дан 61,1%-ға дейін төмендеді.

Төрт жасөспірімінің бірі (26,5%) күн сайын жеміс, ал көкөністерді үшеуінің бірі (36,1%) жейді. Қыздар (38,7%) ұлдарға (33,7%) қарағанда көкөністерді күн сайын жиі тұтынады. 2022 жылы балалар арасында жемістерді (он пайыздық тармаққа) және көкөністерді (6 пайыздық тармаққа) күнделікті қабылдау деңгейі төмендеді.

Жасөспірімдердің 14,4%-ы күн сайын кола мен құрамында қанты бар басқа сусындарды ішеді. Ұлдарда (15,4%) бұл көрсеткіш қыздарға (13,4%) қарағанда жоғары. Тәттілендірілген сусындарды күнделікті тұтыну жалпы балаларда 11 жастан 15 жасқа дейін, ұлдарда 13,3%-дан 18,3%-ға дейін артады. Аптасына бір реттен 5-6 ретке дейін балалардың жартысы 52,2%-ы қантты сусындар ішеді. Осылайша, балалардың бұл сусындарды апта сайын тұтынуы 66,6%-ды құрайды.

2022 жылы күн сайын қант қосылған сусындарды тұтынатын балалардың үлесі 16,7%-дан 14,4%-ға дейін төмендеді, бірақ бұл сусындарды апта сайын ішетін балалардың үлесі 2018 жылғы 60,1%-дан 66,7%-ға дейін өсті.

Көмпиттер мен шоколадты күнделікті тұтыну дәстүрлі түрде жоғары қыздарда – 30,4%, ұлдарда – 22,9% және жалпы 2022 жылы 26,6%-ды құрайды, бұл 2018 жылмен салыстырғанда (27,4%) аз.

## **ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНДАРДЫ ТҰТЫНУ**

Балалардың көпшілігі (79,5%) энергетикалық сусындарды аптасына 1 реттен аз немесе мүлдем ішпейді. Бірақ сонымен бірге балалардың 3,0%-ы күн сайын энергетикалық сусындар ішеді. Аптасына бір реттен 5-6 ретке дейін балалардың 17,5%-ы энергетикалық сусындар ішеді, қыздарға қарағанда – 15,8%, ұлдарда көбірек – 19,1%. Осылайша, апта сайын жасөспірімдердің бестен бір бөлігі (20,5%) зиянды сусындар ішеді.

## **АУЫЗ ҚУЫСЫНЫҢ ГИГИЕНАСЫ**

Балалардың жартысынан азы (47,7%) күніне екі немесе одан да көп, ұлдарға (40,7%) қарағанда қыздар (55,1%) көбірек тістерін щеткамен тазалайды. 2022 жылы күніне екі рет тіс тазалайтын ұлдардың үлесі төрт пайыздық тармаққа төмендеді, ал қыздар арасында 2018 жылғы 53,7%-дан 55,1%-ға дейін өсті.

## **ДЕНЕ БЕЛСЕНДІЛІГІ**

Күнделікті кем дегенде 60 минуттық физикалық белсенділік мектеп оқушыларының 32,4%-ында анықталды және 15 жасқа қарай төмендейді, бұл әсіресе қыздарда байқалады. Жалпы, ұлдар (36,4%) қыздарға (28,2%) қарағанда физикалық белсенді. Төрт жылдық кезеңде 2022 жылға қарай күнделікті физикалық белсенді балалардың үлесі 34,0%-дан 32,4%-ға дейін төмендеді, бұл негізінен қыздардағы көрсеткіштің төмендеуіне байланысты.

## **ЭКРАН АЛДЫНДАҒЫ АЗ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ЖҮРІС-ТҰРЫС**

Күн сайын екі сағат немесе жұмыс күндері одан да көп уақытты теледидар экрандарының алдында немесе бейнелерді, оның ішінде YouTube сияқты веб-сайттарды көруге жұмсайтын балалардың үлесі 36,9%-ды құрайды.

Мектеп оқушыларының жартысы (51,3%) жұмыс күні екі сағат немесе одан да көп уақытты компьютерде, ойын приставкасында және басқа құрылғылардың алдында отырып өткізеді. 2022 жылы 2018 жылмен салыстырғанда компьютерлерде, смартфондарда ойын ойнауға көп уақыт жұмсайтын балалардың үлесі жиырма пайыздық тармаққа өсті.

Жасөспірімдердің жартысынан көбі 56,5%-ы күніне екі сағат немесе одан да көп уақытты әлеуметтік желілерде өткізеді, ал үштен бір бөлігі интернеттен ақпарат іздейді. 2022 жылы әлеуметтік желілерде және интернетте күн сайын уақыт өткізетін балалар саны 2018 жылмен салыстырғанда көп, бұл кезде желідегі байланыс пен ақпарат ізде үшін гаджет экрандарының алдында отыратын балалардың үлесі 30,1% болды.



## **РЕПРОДУКТИВТІК ДЕНСАУЛЫҚ**

Тоғызыншы сынып оқушыларының 5,7%-ы (15 жас), ұлдардың 9,8%-ы және қыздардың 1,4%-ы жыныстық қатынасқа түскен. Жыныстық қатынас тәжірибесі туралы хабарлағандардың арасында ұлдардың 59,4%-ы және қыздардың 44,4%-ы жыныстық қатынас кезінде мүшеқапты қолданған. Соңғы жыныстық қатынас кезінде жүктілікке қарсы дәрі-дәрмектерді қолданғаны туралы ұлдардың 21,2%-ы және қыздардың 20,0%-ы хабарлады. 2022 жылы 2018 жылмен (14%) салыстырғанда ұлдар (9,8%) жыныстық қатынас тәжірибесі туралы аз айтты. Мүшеқаптарды қолдану деңгейі 2018 жылдан бері айтарлықтай өзгерген жоқ.

## **ТЕМЕКІ ШЕГУ, ВЕЙПТЕРДІ, АЛКОГОЛЬДІ ЖӘНЕ ҚАРАСОРАНЫ ТҰТЫНУ**

Өмірінде темекі шегіп көрген, яғни темекі шегу тәжірибесі бар жасөспірімдердің үлесі 6,0%-ды құрады және 11 жастан 15 жасқа дейін 2,7 есе өсті. Ұлдар (7,4%) темекі шегіп көргені туралы қыздарға (4,6%) қарағанда көбірек хабарлады. Соңғы 30 күнде кем дегенде 1-2 күн темекі шеккендер 4,1%-ды құрады, ұлдардың 5,0% үлесі қыздарға 3,1%-ына қарағанда көп. Жақында темекі шеккен 13 жастан 15 жасқа дейін ұлдар мен қыздар арасында екі есе артады. 2022 жылы 1,2%-ға көп бала темекі шегуге қосыла бастады.

Балалардың 9,8%-ы (ұлдардың 11,3%-ы және қыздардың 8,2%-ы) өмір бойы электронды темекіні (вейптерді) бір-екі күн және одан да көп тұтынған және бұл үлес ұлдар мен қыздар арасында 13 жастан 15 жасқа дейін жас ұлғайған сайын екі есеге жуық айтарлықтай артады. Жалпы, соңғы 30 күнде балалардың 5,8%-ы (ұлдардың 6,7%-ы және қыздардың 4,9%-ы) вейптерді қолданған. 13 жастан 15 жасқа дейін, әсіресе ер балаларда екі есе үлкен секіріс байқалады. 2022 жылы 2018 жылғы деректермен салыстырғанда ұлдар мен қыздардың көпшілігі өмірінде (3,6%-ға өсті) және сауалнамаға дейінгі 30 күн ішінде (2,7%-ға өсті) вейптерді қолдана бастаған.

Жалпы, балалардың 7,0%-ы өмірінде 1-2 күн немесе одан да көп рет алкоголь ішкен. Ұлдар мен қыздар бірдей жиілікте алкоголь ішкенін хабарлады. Есейген сайын өмірінде ішімдік ішу тәжірибесі бар екі жыныстағы жасөспірімдердің үлесі артып, 15 жасқа қарай 11,4%-ға жетеді.

Соңғы 30 күнде (қазір тұтынатын) 1-2 күн және одан да көп ішімдік ішкені туралы хабарлаған жасөспірімдердің үлесі 3,5%-ды құрады. 2022 жылы 2018 жылмен салыстырғанда жасөспірімдер арасында алкогольді тұтыну өмірінде 3,5%-дан 7,0%-ға дейін және соңғы 30 күнде сәйкесінше 2,2%-дан 4,4%-ға дейін өсті.

Жалпы, жасөспірімдердің 4,6%-ы өмірінде бір немесе одан да көп рет мас болған, ал 2,3%-ы соңғы 30 күнде мас болған. Жалпы, ұлдар арасында қыздарға қарағанда мас болу жиілігі жоғары. 2022 жылы көптеген жасөспірімдер өмірінде мас болып көргені туралы (2018 жылы 3,0%-ы), ұлдар да, қыздар да айтты. Ал соңғы мас болғандардың көрсеткіштері 2018 жылдан бері өзгерген жоқ.

Жалпы, 15 жастағы жасөспірімдердің 2,3%-ы қарасораны өмірінде 1-2 күн, ал 1,9%-ы соңғы 30 күнде тұтынған. 2022 жылы бұл көрсеткіште елеулі өзгерістер анықталған жоқ.

## **ТӨБЕЛЕСТЕР, БУЛЛИНГ ПЕН КИБЕРБУЛЛИНГ**

Жалпы, балалардың 7,9%-ы соңғы 12 айда жиі, үш немесе одан да көп рет төбелескен, ұлдар – 12,1%, қыздарға 3,6%-ға қарағанда көп. 11 жастан 15 жасқа дейін ұлдарда да,

қыздарда да төбелес жиілігі төмендейді. Сонымен қатар, балалардың төрттен бір бөлігі (25,1%) соңғы 12 айда бір рет және одан да көп төбелескен, бұл қыздарға (12,8%) қарағанда ұлдардың арасында (36,9%) үш есе көп.

Айына 2-3 рет және соңғы 2 айда балалардың 6,8%-ы мектепте буллингке ұшырады. Мектепте бір рет және одан да көп рет буллингке ұшыраған балалар екі есе көп – 17,5%. Буллинг құрбандарының үлесі 11 жастағы балалар арасында ең жоғары. 2022 жылы мектепте кем дегенде бір рет буллингке ұшыраған 11 жасар балалардың үлесі 2018 жылғы зерттеу деректерімен салыстырғанда өскен, ал жалпы буллинг құрбандары бойынша айтарлықтай оң динамика анықталған жоқ.

Айына 2-3 немесе одан да көп рет балалардың 5,2%-ы соңғы 2 айда мектепте басқа адамдардың буллингіне қатысқан. Балалардың көбі 14,1%-ы бір рет және одан көп рет басқа адамдардың буллингіне қатысқан. Бұл мінез-құлықтың таралуы жалпы 11 жастағы балаларда, ал гендерлік жағынан 11 жастағы ер балаларда жиі кездеседі. Есейген сайын 15 жасқа қарай буллинг көрсеткіштерінің төмендеуі байқалады. 2022 жылы балалардың мектепте басқалардың буллингіне қатысу жағдайлары 2018 жылғы 20,2%-дан 14,1%-ға дейін айтарлықтай төмендегені байқалады.

Айына 2-3 рет және одан көп рет балалардың 5,6%-ы кибербуллингтің құрбаны болған. 13,4%-ы айына бір рет және одан да көп кибербуллингке ұшырады. Көбінесе 11 жастағы балалар киберқудалауға ұшырады.

Жалпы, мектеп оқушыларының 4,6%-ы айына 2-3 рет және одан көп кибербуллингке соңғы 2 айда жиі қатысқан, ал балалардың 11,5%-ы басқа адамдардың киберқудалауына бір рет немесе одан да көп қатысты. Жалпы кибербуллингтің таралуы 15 жасқа дейін төмендейді. Ұлдар көбінесе кибербуллингтің құрбаны болады және қыздармен салыстырғанда басқа адамдардың киберқудалауына жиі қатысады. 2022 жылы балалардың кибербуллингке ұшырау көрсеткіші 2018 жылғы деректермен салыстырғанда бір пайыздық тармаққа өсті, ал балалардың кибербуллингке қатысу көрсеткіштері айтарлықтай өзгерген жоқ.

## **БАЛАЛАР ЖӘНЕ ӨЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР**

Онлайн режимдегі қарым-қатынастың жоғары қарқындылығы барлық жастағы оқушылар арасында 19,1%-ды құрады. Балалардың жартысына жуығы (56,8%) желіде орташа қарқындылықпен қарым-қатынас жасайды. Ұлдар арасында жоғары қарқындылықпен онлайн режимінде сөйлесетіндер көп - 20,0%, ал қыздар арасында аз - 18,3%, ал қыздар арасында әртүрлі адамдармен орташа қарқындылықта сөйлесетіндер ұлдарға 54,5%-ға қарағанда көбірек 59,2%-ды құрайды.

Балалар мен жасөспірімдердің 12,7%-ы проблемалы өлеуметтік желі қолданушылары. Қыздар арасында (14,5%) проблемалы пайдаланушылардың үлесі жалпы ұлдарға қарағанда (10,9%) көп және 13 және 15 жаста жиі орын алады. Қыздар арасында өлеуметтік желілерді қолдану 15 жасқа қарай күрт өседі.

2022 жылы 2018 жылмен (6,9%) салыстырғанда өлеуметтік желілерді проблемалы пайдаланушылар болып табылатын балалардың үлесі (12,7%) өсті. Қыздар арасындағы көрсеткіш екі жарым есе өсті.

## **СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЛАР/МҮГЕДЕКТІК**

Оқушылардың 7%-ында мектептегі сабаққа немесе белсенділікке әсер ететін ұзақ мерзімді ауруға немесе мүгедектікке шалдыққан. Жасөспірімдердің тағы 2,5%-ы созылмалы аурулары бар екенін хабарлады, бірақ олардың мектептегі белсенділігіне әсер

етпеді, осылайша қазақстандық оқушылардың 9,5%-ы созылмалы ауруы бар немесе мүгедекке шалдыққанын хабарлады.

## **ДЕНСАУЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ САУАТТЫЛЫҚ**

Оқушылардың денсаулығы мәселелеріндегі сауаттылықтың жиынтық орташа балы мүмкін болатын 40 балдан 29,57 балды құрады, бұл қазақстандық жасөспірімдердің санитарлық сауаттылығының орташа деңгейін көрсетуі мүмкін. Денсаулық мәселелерінде сауаттылықтың жоғары деңгейі 11-15 жастағы оқушылардың жартысында (49,2%), орташа деңгейі 39,6%-ында, ал төмен деңгейі 11,3% балаларда анықталды.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Қазақстан балаларының көпшілігі өз өмірлеріне қанағаттанады, психикалық әл-ауқаты жақсы, отбасында, мектепте және құрдастарының арасында жағымды, қолдаушы қарым-қатынасқа ие. Дегенмен, гендерлік, жас және әлеуметтік теңсіздіктер, зиянды тамақтану мінез-құлқы, физикалық белсенділіктің төмендігі, темекі шегу, вейптерді, алкогольді тұтыну, жарақаттар, зорлық-зомбылық және буллинг сияқты жұқпалы емес аурулардың қауіпті факторлары, қауіпті жыныстық мінез-құлық оң өзгерістерді ығыстырады және балалардың денсаулығы мен әл-ауқатына ауыр зардаптардың ауыртпалығын арттырады. Осыған байланысты нақты деректерге негізделген тәсілді қолдана, әлеуметтік және психологиялық аспектілерді ескере отырып, сыртқы ортаға да, балалар мен жастардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін де бағытталған бағдарламалар мен инвестициялар қажет.

Балалардың денсаулығы мен әл-ауқатының ұлттық мониторингілеуден алынған деректер ана мен бала денсаулығын, жыныстық, репродуктивті денсаулықты сақтау жөніндегі тұжырымдамаларды әзірлеуді қоса алғанда, денсаулықты нығайту, балалардың әл-ауқатының индексін арттыру үшін салалық бағдарламаларды, елдегі іс-қимыл жоспарлары мен стратегияларын әзірлеуде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл зерттеулер мектеп жасындағы балаларда анықталған қауіп факторларын ескере отырып, жұқпалы емес аурулардың алдын алу сияқты денсаулық сақтаудың негізгі басымдықтары бойынша жоспарларды, денсаулық көрсеткіштеріндегі теңсіздіктерді азайту және әлеуметтік жағдайларды жақсарту бағдарламаларын әзірлеу кезінде ескерілуі керек. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері мектеп жасындағы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту шаралары бойынша білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау секторлары мен азаматтық қоғам арасындағы нақты мақсаттар мен тығыз жұмыс істеу үшін негіз болуы керек.

Қалмақова Ж.А., Әбдірахманова Ш. З., Адаева А. А., Слажнева Т. И., Назарова С. А., Сүлейманова Н. А.

Оқушылардың дене және психикалық денсаулығына әсер ететін өмір салты факторлары бойынша зерттеудің негізгі нәтижелері, Қазақстан Республикасы, 2022 жыл. Қысқаша түйіндеме. ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы, Астана, 2023